

Есбол орта мектебі жанындағы «Балауса» жазғы демалыс лагерінің

1 – 10 маусым аралығындағы өткізілген іс – шаралар

2019 жылдың маусым айының 1–нен 10-на дейінгі аралықта мектептің 1-6 сынып оқушыларынан 25 бала «Балауса» атты жазғы демалыс лагерінде демалды. Оның ішінде 15 бала аз қамтамасыздандырылған отбасылардан еді.

Лагерь жұмыстарын жүргізу үшін үш бөлме таңдалынып алынды. Оның ішінде екі жатын бөлмесі, оқу залы, спорттық үйірме бөлмелері бар. Аталып өткен бөлмелер тазартылып, тиісінше суреттермен, шарлармен безендірілді. Тәрбиешілер мен лагерь қызметкерлерінің көмегімен бөлмелер уақытында дайындалған еді. Аталып өткен ойын бөлмесінде балалар көп, әрі қызықты уақыттарын өткізді. Тәрбиешілермен түрлі ойындар ойнап, іс-шараларға белсенді қатысты. Үйірмелер бөлмесінде демалушылармен үйірме жұмыстары өткізіліп, балалар қызығушылықтары бойынша іс-әрекеттермен айналысты.

1 маусым - «Балларды қорғау күні!»

Лагерьдің ашылуы мен балалар құқығын қорғау күніне орай «Балғын баллар – біздің болашағымыз» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Оқушылар арасында ән айтып, би билейтін бүлдіршіндеріміз өздеріннің өнерлерін ортаға салып, басқа демалушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады. Мектеп медбикесі оқушыларды медициналық тексерістен өткізіп, олармен тазалық туралы әңгімелесті. Тәрбиешілер түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын ойнатып, «Өзің туралы не айтасың?» тренингін ұйымдастырды.



2 маусым - «Қауіпсіз жаз!» күні

Тәрбиешілердің ұйымдастыруымен болып өткен «Қауіпсіздік ережесі» атты ойын бағдарламасы оқушылардың қауіпсіздік ережелерін жан – жақты білуіне септігін тигізді. Сонымен қатар «Жарқын жаз» тақырыбында суреттер сайысы да болып өтті. Топ болып жұмыс атқарған оқушылар өз шеберліктерін ортаға салып, керемет туындылар көрсете алды. Мектеп психологы «Әр адамның жүзінде бар күншуақ» акциясын ұйымдастыра отырып, оқушылардың екінші күнді керемет көңіл – күй мен өткізуіне себепші болды.



3 маусым - «Ертегілер әлемі» күні

Топтарға алдын ала берілген тапсырмалар бойынша демалушылар «Мақта қыз бен мысық», «Шалқан» және «Қасқыр мен түлкі» ертегілерінен қойлымдар көрсету тапсырылған болатын, үш топта жақсы дайындықпен келді. Бүлдіршіндер актерлік шеберліктерін ортаға салды. Атап айтар болсақ, Нұрдана, Әлихан, Мейірлан, Эльшат сынды оқушылардың бойынан актерлік шеберлік бірден байқалды. Ертегілер әлемі олар үшін қызық болды. Сонымен қатар, мектебіміздің психологі «Отбасы – бақыт мекені» тренингін өткізсе, дене шынықтыру пәні мұғалімдері жоспар бойынша өз үйірмелерін өткізіп, оқушылар осы күннен керемет әсер ала білді. Тағы да айта кетсек, «Сәлем, сүйікті Балауса!» атты лагерьдің ашылуы да болып өтті.



4 маусым – «ҚР Мемлекеттік Рәміздер күні!»

Демалушылар бұл күнді ҚР гимнін салтанатты түрде орындаудан бастады. Бұл күн оқушылар үшін ерекше күн болды. Әдеттегідей мектебіміздің психологы оқушылармен өз жұмысын жасап, олардың ерекше көңіл күйде болуын бақылауға алды. Ал тәрбиешілер «Біздің Гимн», «Біздің Ту», «Біздің Елтаңба» тақырыбында білгірлер сайысын ұйымдастырды. Оқушылар Рәміздер туралы білім сынына түсіп, сайысымыз «Рәміздерім – мақтанышым» тақырыбында эссе жазумен жалғасын тапса, жеңімпаз оқушылар дипломдармен марапатталды. Музыка пәні мұғалімі «Музыка әлемінде» атты кезекті үйірме уақытын өткізді. Музыкалық үзіліс оқушылар үшін ерекше бір қуаныш екенін айта кеткен жөн.



5 маусым – «Әуендер күні!»

Бұл күн демалушыларымыз үшін өте ерекше, қызыққа толы күн болды. Себебі мектебіміздің музыка пәні мұғалімі Е.Қамашев – «Көңілді ноталар» тақырыбында музыкалық фестиваль ұйымдастырды. Оқушылардың ноталарды есту арқылы ән айту қабілеттерін сынады. Сонымен қатар «Әуенді тап!» атты ойын түрінде ұйымдастырылған сайыс өткізді. Бұл жерде оқушылардың есту қабілеті мен әндерді қаншалықты білетіндері көрінді. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері «Көңілді сәрсенбі» атты таза ауадағы ойындармен жалғастырды.



6 маусым – «Бірлік күні!»

Жас ұрпаққа ынтымақ, бірлік, достық, татулық жайлы түсінік беру мақсатында ұйымдастырылған «Бір шаңырақ астында» атты бекеттер сайысы оқушылар үшін



тартысты өтті. Олар өзге елдердің салт – дәстүрімен танысты. Бірлік, ынтымақ туралы мақал – мәтелдер айтты. «Жақсы көңіл күй – жан азығы» тақырыбында тренинг өткізген мектеп психологі – Э. Саликова демалушыларымыздың көңіл күйін әдеттегідей көтеріп тастады. Сонымен қатар, «Лагерь ханшайымы» сайысында аруларымыздың өнерін тамашалап, көркем де сұлу жүрісі мен киім киісіне тәнті болық. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің кезекті спорттық үйірмесімен жалғасын тапқан бұл күн оқушылардың жадында естелік болып қалары сөзсіз.



7 маусым – «Саяхатшылар күні!»

Бұл ерекше күнді мектеп медбикесі Б. Дюсипова «дәрумендер еліне саяхат» атты денсаулық сағатымен бастады. Оқушылар көптеген мәліметтер алды. «Ізшілер күні» жарысы оқушыларға ерекше әсер етті. Себебі сайыс қызықты өтті. Өздерін нағыз ізші екендерін көрсете алды. Кезекті болған «Лагерь ханзадасы» сайысы сайысқа қатысқан жігіттеріміз үшін тартысты өтті. Жігіттеріміз өнер жағынан да, білім жағынан да өздерінің мықты екендерін тағы бір дәлелдей алды.



8 мамыр – «Шығармашылық күні»

«Мақал – сөздің маржаны» сайысымен бастау алған бұл күн демалушылардың мақал – мәтелдерді көп білетіндігін аңғартты. «Өмір – шексіз керуен» тренингі оқушыларға өмірдің адам үшін маңыздылығын жан-жақты ашып, өмірді мәнді де мазмұнды сүруге ықпал етті. Демалушылардың өмірге деген позитивті көзқарасын қалыптастырды. «Менің айналамдағы әлем» тақырыбында асфальтқа сурет салған бүлдіршіндеріміз



сурет салу шеберліктерімен ұйымшылдықтарын көрсете алды.



9 мамыр – «Спорт күні!»

Дене шынықтыру пәні мұғалімі «денсаулығым - байлығым» атты спорттық марафон ұйымдастырды. Марафон өте қызықты өтті. Сонымен қоса ұлттық ойындардан жарыс өткізіліп, оқушылар 3 командаға бөлінді, жеңіске қарай ұмтылған бүлдіршіндеріміз өздерін жоғары дәрежеде көрсете алды. «Кел, волейбол үйренік» тақырыбында өткен спорт уақыты оқушыларға көп дүниені үйретті. Волейбол ойнауды үйренген оқушылар қуанышты болды. Мектепіміздің психологы психологиялық интеллектуалдық сайыс өткізіп, оқушыларды тағы бір сынға түсірді.



10 маусым – «Көтеріңкі көңіл – күй күні!»

«Күлкі сыйла» акциясынан бастау алған бұл күн оқушыларға бір біріне күлкі сыйлап, оқушылар бір – бірімен еркін тілдесе отырып, көңіл күйін көтерді, достықтарын нығайтты. Шара барысында оқушыларға смайликтерді қолдана отырып, күлкілі қалыпта суретке түсу ұсынылды. Осы шара аясында керемет көңіл күйде тұрған оқушылармыз «Сен үшін» деп достарына арналған ерекше суреттерін тарту етті. «Менің көңіл күйім» тақырыбында оқушылардан сауалнама алыну барысында, оқушылардың көңіл күйінің көтеріңкі екеніне көз жеткізе алдық. Лагерьдің соңғы күні «Қош бол, сүйікті, Балауса» атты мерекелік шармаен аяқталып, оқушылар бір – бірімен, тәрбиешілермен қимай қоштасты.



Мектептің медицина қызметкері жазғы демалыс кезіне оқушылар денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша сауықтыру бағдарламасын құрастырғандықтан, лагерь кезінде оқушылармен әңгімелер, сабақтар өткізді.

Мектеп асханасында балалар күнделікті пайдалы, әрі дәмді тағамдармен тамақтанды. Асхана балаларды хош иістермен, тазалықпен қарсы алып отырды.

Лагерь қызметкерлері өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, қызметтерін тиянақты орындады.